

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 941	▼ 0,00%	▲ 18,3%
NASDAQ	23 066	▼ -0,16%	▼ -0,7%
DJIA	50 121	▼ -0,13%	▲ 18,2%
CBOE Volatility Index (VIX)	18	▼ -0,79%	▼ -1,6%
Еуропа			
FTSE 100	10 472	▲ 1,14%	▲ 26,8%
DAX	2 119	▼ -0,48%	▲ 24,2%
Азия			
Hang Seng	27 266	▲ 0,31%	▲ 38,9%
Nikkei 225	57 826	▼ -0,13%	▲ 44,9%
Shanghai SE	4 132	▲ 0,09%	▲ 26,6%
Қазақстан			
KASE	7 673	▼ -0,03%	▲ 35,1%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары сауданы төмендеумен аяқтады: S&P 500 0,005%-ға төмендеп, \$6 941,47 деңгейінде жабылды; Nasdaq Composite 0,16%-ға азайып, \$23 066,47 болды; DJI 0,13%-ға төмендеп, \$50 121,40 деңгейін көрсетті. S&P 500 индексінің 11 секторының 6-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары ретінде Energy (+2,7%), Materials (+1,6%) және Consumer Staples (+1,4%) секторлары аталды. Ал Financials (-1,6%), Communication Services (-1,0%) және Real Estate (-0,7%) секторларында төмендеу тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 898 760 565 306	▼ -1,0%	▼ -2,6%	▲ 9,9%
Consumer Discretionary	6 472 097 489 709	▼ -0,5%	▲ 0,6%	▲ 13,6%
Consumer Staples	3 724 292 891 299	▲ 1,4%	▲ 7,4%	▲ 11,6%
Energy	1 941 434 145 115	▲ 2,7%	▲ 13,7%	▲ 16,1%
Financials	7 238 189 723 129	▼ -1,6%	▼ -4,4%	▲ 3,4%
Industrials	5 222 011 898 693	▲ 0,1%	▲ 5,5%	▲ 26,5%
Information Technology	19 334 158 209 259	▼ -0,3%	▼ -0,1%	▲ 30,5%
Materials	1 187 545 966 843	▲ 1,6%	▲ 11,6%	▲ 25,7%
Real Estate	1 125 434 160 525	▼ -0,7%	▲ 2,6%	▼ -2,8%
Utilities	1 338 747 455 910	▲ 0,8%	▲ 3,6%	▲ 14,9%
Health Care	5 886 466 608 055	▼ -0,6%	▼ -0,8%	▲ 7,3%

Кеше АҚШ-тың қор индекстері сауданы қалыпты төмендеумен аяқтады, ал қазынашылық облигациялар кірістілігі еңбек нарығы бойынша жарияланған мықты статистика аясында өсті. Деректер жұмыспен қамту динамикасының күткеннен де тұрақты екенін көрсетті, бұл инвесторлардың ФРС АҚШ тарапынан биыл ақша-кредит саясатын жақын арада жұмсарту ықтималдығына қатысты күмәнін күшейтті.

АҚШ-тың Еңбек статистикасы бюросының үкімет жұмысының уақытша тоқтатылуына байланысты кешкітірілген есебіне сәйкес, қаңтар айында экономика ауыл шаруашылығынан тыс секторда 130 мың жаңа жұмыс орнын құрды, ал болжам шамамен 70 мың деңгейінде болған. Қараша және желтоқсан айларындағы көрсеткіштер аздап төмендетіліп қайта қаралды. Жұмыссыздық деңгейі желтоқсандағы 4,4%-дан 4,3%-ға дейін төмендеді, ал нарық қатысушылары көрсеткіш өзгеріссіз қалады деп күткен еді.

Еңбек нарығындағы мықты деректер инвесторлардың ФРС АҚШ-тың алдағы қадамдарына қатысты күтулерін қайта қарауға мәжбүр етті. CME FedWatch құралының деректеріне сәйкес, наурыз айындағы отырыста мөлшерлемені 25 базистік тармаққа төмендету ықтималдығы бастапқыда шамамен 20% деп бағаланса, статистика жарияланғаннан кейін ол шамамен 8%-ға дейін төмендеді. Бұл қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуін жеделдетіп, акцияларға қысым көрсетті.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	393	0%	43,6%
Банк ЦентрКредит	4 780	0%	108,5%
Кселл	3 373	0%	-0,2%
Қазатомпром	41 291	0%	101,9%
ҚазТрансОйл	995	0%	20,9%
НЕГОК	1 468	0%	-3,5%
Kaspi.kz	38 499	-1%	-29,8%
ҚазМұнайГаз	24 550	0%	67,8%
Эйр Астана	876	0%	-23,3%

Технологиялық секторда динамика аралас сипатта болды. Микрочип өндіруші компаниялардың акциялары айтарлықтай өскенімен, бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеушілерінің қағаздары төмендеді. Осылайша, жасанды интеллектіні белсенді енгізудің ықтимал салдарына қатысты алаңдаушылықтан туындаған жақындағы жаппай сатылымнан кейінгі үш күндік қалпына келу тоқтады. Филадельфияның жартылай өткізгіштер индексі 2,3%-ға өсті, ал S&P 500 құрамындағы бағдарламалық қамтамасыз ету индексі 2,6%-ға төмендеді. Жекелеген компаниялар арасында S&P 500 индексіне ең үлкен теріс әсер еткен Microsoft акциялары 2,2%-ға арзандады, сондай-ақ Alphabet қағаздары 2,4%-ға төмендеп, Communication Services секторына қысым жасады.

Шикізат нарығында керісінше динамика байқалды: мұнай бағасы АҚШ пен Иран арасындағы шиеленістің ұшығуы мүмкін деген алаңдаушылық аясында өсті. WTI маркалы мұнай бағасы 67 центке қымбаттап, барреліне 64,63 долларды құрады, ал Brent фьючерстері 60 центке өсіп, барреліне 69,40 доллар деңгейінде жабылды.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	492,99	▲ 0,20%	▼ -2,7%
RUB/KZT	6,40	▲ 0,00%	0,0%
CNY/RUB	10,82	▼ -0,05%	▼ -1,5%
EUR/USD	1,1870	▼ -0,20%	▲ 1,3%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.

